



Бекітілді:

«Ақбота» жеке бөбекжайының меңгерушісі И.Н.Даулетова

Келісілді:

«Ақбота» жеке бөбекжайының әдіскері Н.Т.Мухамбеткалиева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған «Балапаным» кіші тобының музыка перспективалық жоспары.

Саз жетекшісі: Әлібекова А.Ғ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-
 әрекеттің перспективалық жоспары. Музыка. Балапаным кіші топ**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс – әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қыркүйек	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Ән айту: Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту Музыкалық - ырғақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша жүру дағдыларын қалыптастыру.	Музыкаға қызығушылықтары оянады, музыканы тыңдап, ән айтып, қарапайым би қимылдарын орындайды. Ән айтуға қызығады Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша жүреді
Қазан		Музыка тыңдау: Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту: Жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына қосылып ән айту. Музыкалық – ырғсақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.	Музыканыэмоционалдыкөңіл-күйменқабылдайды; Әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге); Музыканың сүйемелдеуімен қол ұстасып жүреді және жүгіреді. музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер мен пьесаларды) ажыратады;
Қараша		Музыка тыңдау: Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту: Сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып қосылып ән айту. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, Музыкалық ырғақтық қимылдар: Қарапайым би қимылдарын орындау	Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер); Сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып қосылып ән айтады. Қарапайым би қимылдарын орындайды

Желтоқсан		Музыка тыңдау:Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ересекпен қосылып тағыс әндерін айту. Ән айту:ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; Музыкалық – ырғақтық қимылдар:Қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату қимылдарын үйрету.	Қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады; Бұрын естіген әндерді таниды; ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады);
Қаңтар		Музыка тыңдау:Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту:Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық – ырғақтық қимылдар: Жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу дағдыларын қалыптастыру.	Музыкалық аспаптарда орындалған әуендерді таниды. Әнді жеке және топпен айтады Музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындайды.
Ақпан		Музыка тыңдау:Балаларды музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), дыбыстарымен таныстыру. Ән айту:Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық – ырғақтық қимылдар:Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	Музыкалықаспаптардыажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ); Әуенді интонациямен ырғақты дұрыс жеткізеді. Музыкалық аспаптарды орындайды

Наурыз		Музыка тыңдау:Балаларды қазақ халқының ұлттық аспаптары (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту:Ересектің дауыс интонациясымен бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық – ырғақтық қимылдар:Қимылдарды музыкалық аспаптармен (асатаяқ, сырнай) орындау дағдысын дамыту.	Қазақ халқының ұлттық аспаптарын ажыратады (асатаяқ, сырнай). Ересектердің қосылуымен әнді орындайды Музыкалық аспаптарды орындайды.
Сәуір		Музыка тыңдау:Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту:Аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, айтуға ынталандыру. Музыкалық – ырғақтық қимылдар:Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.	Кейіпкерлерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша таниды және музыканы есте сақтайды аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, айтады Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындайды көрсетеді. кейбір музыкалық аспаптарды атайды (барабан, бубен, сылдырмақ және басқалары).
Мамыр		Музыка тыңдау:Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту: Музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық – ырғақтық қимылдар:Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.	Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, Жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады; Музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтады. Кейіпкер қимылдарын көрсетеді.